



БҰЙРЫҚ

04.02.2025 жолы

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 36

город Астана

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобын құру туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 8-бабының 5-тармағының, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығының, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бекіткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Астана қаласы әкімдігінің «Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі 2025 жылғы 12 наурызға дейін бекітілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаумен қамтылатын кезеңі 2024 жылдың қаңтар-желтоқсан аралығы бекітілсін.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін келесі құрамда жұмыс тобы құрылсын.

- 1) Оспанова А.К. - мектеп директоры, жұмыс тобының басшысы
- 2) Кемелбекова Ж.С. - мектеп директорының бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі
- 3) Наурызбаева А.Е. - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі
- 4) Жунусов Д.К. - мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі
- 5) Абеуов А.К. - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі
- 6) Абасилова Л.Б. - іс-қағаз жүргізуші, жұмыс тобының мүшесі
- 7) Бегимтаева К.С. - бас есепші, жұмыс тобының мүшесі
- 8) Закарина Б.К. - директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының мүшесі

9) Даулетбекова Г.А. - кәсіподақ ұйымының төрайымы, жұмыс тобының мүшесі

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылсын.

- ✓ персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- ✓ мемлекеттік қызметтер көрсету;
- ✓ бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- ✓ жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- ✓ ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- ✓ талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

5. Осы бұйрықтың 4-тармағында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бағыттар бойынша жауапты қызметкерлер тағайындалсын. *(қосымша 1)*

6. Белгіленген мерзімдерді сақтау мақсатында Әдістемелік ұсынымдардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін. *(қосымша 1)*

7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауы келесі кезеңдер бойынша жүргізілсін.

- 1) Үлгілік қағидалардың 11-тармағында көзделген бағыттарға сәйкес ақпаратты жинау және талдау;
- 2) Үлгілік қағидалардың 18, 19, 20 және 21-тармақтарына сәйкес талдамалық анықтама дайындау;
- 3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды олардың тізбесін қалыптастыра отырып айқындау;
- 4) Үлгілік қағидалардың 25-тармағына сәйкес бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөнінде шаралар қабылдау.

8. Әдістемелік ұсынымдардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдарды қамтитын талдамалық анықтама жасалсын.

9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге басшылық ету директордың тәрбие жұмысы жөнінегі орынбасары Жунусов Дархан Кажимуратовичке жүктелсін.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



А.К.Оспанова

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
жұмыс тобының атқаратын қызметі**

№	Жұмыс бағыты	Лауазымы	Қызметкердің Т.А.Ә.
1.	Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау	Іс-қағаз жүргізуші Директордың бейіндік оқыту орынбасары	Абасилова Л.Б. Кемелбекова Ж.С.
2.	Мемлекеттік қызмет көрсету (“Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау” мемлекеттік қызмет”; “Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру”, “бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау”, “Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау”	Мектеп директорының орынбасарлары	Наурызбаева А.Е. Апуова С.Н. Жоламанова Е.К. Мухамажитов А.З. Абеуов А.К.
3.	Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу. Қаржы-шаруашылық қызметі	Бас есепші Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары	Бегимтаева К.С. Закарина Б.К.
4.	Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу	Іс-қағаз жүргізуші	Абасилова Л.Б.
5.	Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Абеуов А.К.
6.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг нәтижелері	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Жунусов Д.К.
7.	Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету (БАҚ және өзге де ақпарат көздерінің мониторингі)	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Жунусов Д.К.
8.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Жунусов Д.К.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
жұмыс жоспары**

№	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауапты тұлғалар
1	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бағыттар бойынша ақпарат жинау	10-14.02.2025ж.	Жұмыс тобы мүшелері
2	Мектеп қызметін, оның ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілерді және ішкі құжаттарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы тұрғысынан бағыттары бойынша талдау жүргізу	17-21.02.2025ж.	Жұмыс тобы мүшелері
3	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды олардың тізбесін жасау	24-28.02.2025ж.	Абасилова Л.Б.
4	Талдамалық анықтама әзірлеу	03.-07.03.2025ж.	Жунусов Д.К.
5	Талдамалық анықтамаға қол қою	11.03.2025ж.	Жунусов Д.К.
6	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарына қол қою	11.03.2025ж.	Жунусов Д.К.
7	Талдамалық анықтама және іс-шаралар жоспары мектеп интернет-ресурстарында орналастыру	12.03.2025ж.	Абеуов А.К.